



## Құрметті әріптестер, қадірлі мұнайшылар!



Сіздерді мемлекетіміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ халқы ғасырлар бойы армандап өткен азат ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды болсын. Жаңа ғасырда қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай! Ұлттық қасиетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтай білейік!

Бүгінгі еліміздің қарқынды дамуы Мемлекет басшысы жүргізген сындарлы саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты мақсатымыз. Еліміздің Көкбайрағы бейбіт аспан астында желбіреп, әлемге таныла берсін!

Егемендік жылдары еліміз әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында зор жетістіктерге жетті. Бізді қазір бүкіл әлем мойындап отыр. Ел тұрғындарының 50 пайызға жуығы көгілдір отынмен қамтамасыз етілген. Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасы негізінде қолға алынған «Сарыарқа» магистралды газ құбырының құрылысы кеше ғана бастау алғанын жақсы білесіздер. Бұл жоба бойынша бас қаламыз Астана мен еліміздің орталық және солтүстік өңірлеріне газ тартылатын болады. Мұнай өңдеу зауыттары қайта жаңғыртудан өтті. Қазір еліміз ішкі нарықты бензин және дизель отынымен толықтай қамтамасыз етіп отыр.

Тәуелсіздік жылдары еліміздің мұнай-газ саласында жеткен мұндай жетістіктері мен табыстарының қайнар бастауында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қайраткерлік тұлғасы тұр, қайталанбайтын қолтаңбасы жатыр.

Тәуелсіздік туын тұғырға қондырып, өркениетті елдердің қатарына қосылған Қазақстанның басты байлығын халық игілігіне айналдыруда аянбай тер төгіп келе жатқан мұнайшылар қауымының қиын еңбегі қашан да құрметке лайық. Саланың дамуына және өркендеуіне үлес қосып келе жатқан сіздердің де ерен еңбектеріңізді халық ұмытпайды.

Ата-бабамыз армандап өткен «Тәуелсіздік» деген қастерлі сөзден тұратын осы мереке әр шаңыраққа шаттық, ырыс-береке және бақыт әкелсін. Еселі еңбектеріңізге өзімнің ризашылық сезімді білдіре отырып, сіздерге жаңа жетістік, зор денсаулық және барлық игі жақсылықтарды тілеймін. Ел егемендігі мәңгілік болғай!

Алик АЙДАРБАЕВ,  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ  
Басқарма Төрағасы



### Бүгінгі санда:



«Жеңіс» жобасы бойынша келісімге қол қойылды

2



Жасалған жұмыс та, атқарылар іс те көп

3



Тәуелсіздік – ең тәтті ұғым

7





# «Жеңіс» жобасы бойынша келісімге қол қойылды



2018 жылғы 30 қарашада Мәскеу қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰАҚ Басқармасы төрағасы Алик Айдарбаев пен «ЛУКОЙЛ» ААҚ президенті Вагит Алекперов «ЛУКОЙЛ Қазақстан Апстрим» ЖШС атынан «Жеңіс» жобасы бойынша Бірлескен қызмет туралы келісімге және Қаржыландыру туралы келісімге қол қойды.

Қол қойылған құжаттарға сәйкес екі компания учаскесі Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан «Жеңіс» жобасын іске асыру шарттарын келісті.

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген келісімдерге қол қою «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес құзыретті органдар – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰАҚ және «ЛУКОЙЛ Қазақстан Апстрим»

ЖШС арасында тікелей келіссөздер өткізу және көмірсутек шикізатын барлау мен игеруге арналған келісімшартты жасасу үшін жүгінуге мүмкіндік береді.

ЛУКОЙЛ компаниясының «Жеңіс» жобасына кіруі Каспий теңізінің қазақстандық учаскесінің көмірсутектерді іздеу үшін тартымды екенін тағы да көрсетті және компаниялар арасында қалыптасқан тығыз қарым-қатынастарды растады.

ҚазМұнайГаз бен ЛУКОЙЛ көп жылдан бері стратегиялық әріптес болып табылады және бірқатар бірлескен жобаларды іске асырып келді.

*Анықтамa: «Жеңіс» учаскесі Каспий теңізінің қазақстандық секторы айдынының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Жаңалауға дейінгі арақашықтық 80 шақырым, кемелер үшін таяу порт Ақтау қаласы.*

Лебіз

## Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаймыз!



**Әлібек СӘРСЕНОВ,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 МГӨБ сапа инженері:

Барша мұнайшыларды Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіздік – еркіндікті аңсаған ата-бабаларымыздың ең асыл мұраты.

Бабаларымыз осынау ұланғайыр жерді бізге сыйға тартып кетті. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Ол үшін не істеу керек? Ерінбей еңбек ету керек. Сонда ғана тасымыз өрге домалайды!

«Қазақ халқы – Феникс құс сияқты. Өзі өліп қалса да, күлден қайта жаралатындай, сан қысталаңда жойылып кетпей, аман қалып, салқар тарих көшіне әлі ілесіп келеді» – деп жазған болатын қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсірепов.

Тәуелсіздік – біздің жанымыз, өміріміз, барымыз! Ақ тілекті халқымыздың құрған мемлекеті баянды, елі мәңгілік болсын!

**Ибрагим САТЫБАЕВ,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 МГӨБ кәсіподақ төрағасы:

Тәуелсіздік күні біз үшін ең ұлық мереке болып саналады. «Бұл бақ түгендейтін, тақ түгендейтін уақыт емес, белеңді бекем буып, қауымның жоталы шаруасына жан пидаететін заман» деген болатын Әбіш Кекілбаев. Бүгінгі күн – бір қазақ екінші қазаққа әкесінің құнын кешетін күн. Тәуелсіз мемлекетке Керей секілді, Жәнібек секілді қолы да таза, ары да таза, жаны да таза, қазақ халқының келешегі үшін басын бәйгеге тіккен көреген басшылар керек.

Өзенмұнайгаздық мұнайшылар үшін Тәуелсіздіктің мәңгілік баянды болуы мен ел іргесінің бүтіндігінен асқан ұлы мұрат жоқ. Ендеше, барша қазақ елін Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіздігіміз баянды болсын! Қазақ елі дүние тұрғанша тұрсын!



**Хоу ДЕЛИНЬ,**  
«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС,  
мұнай-газ департаментінің басшысы:

Құрметті әріптестер! Сіздерді бүгін Қытай елінің атынан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» демекші, осы бірліктің арқасында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың сарабал саясатын ұстанып, Қазақстан тәуелсіздік жылдары іргелі мемлекет болып қалыптасты. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанның астында баянды да бақытты ғұмыр кешулеріңізге тілектеспін. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні баршаңызға бақ-дәулет, ырыс тілеймін.



**Ырысты ӘЛҚАТОВА,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №2 МГӨБ жұмыскері:

Баршаңызды Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өмірде атақ-абырдыдан да зор қуаныш бар, мансаптан да биік мұрат бар... Ол елдің тәуелсіздігі!

Аңсатып келген тәуелсіздік қазақтың езіле бастаған еңсесін, бүгіле бастаған белін түзеді.

«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ» деп ғазиз ақын Қасым Аманжолұлы өмірден өтерінде біздің келешегімізге қызыға қарап еді... Еркін елдің қызы – ерке, ұлы – ер!

Бақыт құсы барын бағалай білетін елдің ғана басына қонады. Барымызды бағалай білейік! Қайрат Рысқұлбеков айтпақшы, «Ендігі жерде басыңнан бірлік пен бақ таймасын!»

**Сәбит ОСПАНОВ,**  
«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС  
«Нұралы» кентінің жетекшісі:

Құрметті мұнайшылар! Сіздерді бүгінгі еліміздің ең ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің бар екенін әлемге мойындаттық. Тәуелсіздік алған жылдары ішінде елімізде тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітіліп, мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып келе жатқан жаңа Астанамыз дүниеге келді. Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайту жолында біздерді әлі де қарқынды істер күтіп тұр. Елдің мерейлі мерекесі құтты болсын.





## Ембіліктер мемлекеттік мерекені атап өтті



«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Компания басшылығы мен

орталық басқару аппаратының ұжымы қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелері жөніндегі орынбасары

Сәлімжан Нақпаев шараны салтанатты түрде ашып, мерекенің маңыздылығына айрықша тоқталды.

– Қазақ елі Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап жаңа өмірге нық сеніммен қадам басты. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ халқының ең қиын кезеңдерінде билікті қолына алып, қандай қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдап, тығырықтан шыға білетін көреген саясаткер екенін дәлелдей білді. Тұңғыш Президентіміздің есімі тарихта қазақ жұртшылығына тәуелсіздік сыйлаған тұлға ретінде қалады, – деп атап өтті өз сөзінде С.Нақпаев.

Шарада ЕМГ АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Кеңжеғали Шанқанов, Компания «Жас мамандар» кеңесінің жетекшісі Серік Шығанов әріптестерін айтулы мерекемен құттықтады.

Мерекелік шарада Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармонияның өнерпаздары көпшіліктің назарына концерттік бағдарлама ұсынды.

## Жасалған жұмыс та, атқарылар іс те көп

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков ұжым алдында 2018 жылдың он айының қорытындылары бойынша есеп берді.**

Есеп беру жиналысына Компания басшылығы, басқару аппаратының және өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің басшылық құрамы, цех пен әр бөлімшенің әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің басшылары, кәсіподақ комитеттерінің жетекшілері және қызметкерлер қатысты.

ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Компанияның барлық қызметкерлеріне еңбекті қорғау бағытындағы жұмыстары мен жетістіктеріне алғыс білдірді. Айта кетсек, өткен он айда бірде-бір адам өлімі немесе апаттық жағдайлар тіркелген жоқ.

– Бұл біздің ортақ жетістігіміз! Компания үшін ең маңыздысы – өндірістік көрсеткіштер емес, әр қызметкеріміздің үйі мен отбасына аман-есен оралуы екендігін бұған дейін де айтып келемін, – деді есеп беру жиынында ЕМГ басшысы.

Компания басшысының айтуынша, аталған кезеңде ЕМГ бойынша 2 миллион 398 мың тонна мұнай өндіріліп, мұнайды тапсыру жоспары

2 миллион 371 мың тоннаға орындалды. Ілеспе мұнай газын өндіру 135,96 миллион текше метрді құрап, жоспарланған көлемнен асып түсті. 2018 жылға мұнай өндіру мен тапсыру жоспарлы көрсеткіштерге сай келіп отыр.

Компания басшысы әрбір құрылымдық бөлімшенің өндірістік, күрделі құрылыс, технологиялық үдерістерді автоматтандыру, жаңа жобалар мен технологияларды енгізу, өндірісішілік жолдар құрылысы бағдарламасын іске асыру көрсеткіштеріне тоқталып, ЕМГ өндірістік блогы мен әр Басқарманың біріккен жұмысын ерекше атап өтті. Басқару аппаратының негізгі департаменттерінің жұмыс қорытындылары қаралып, анықталған проблемаларды шешу жолдары сараланып, барлық сауалдар бойынша жетекшілік ететін басшыларға нақты тапсырмалар берілді.

– Компания әлеуметтік инфрақұрылымның материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағдарламасын іске асыруды жалғастырып жатыр. Биылғы жылы Кенбай кен алаңында жаңа жатақхана, Қисымбай және С.Балғымбаев кен орындарында екі асхана пайдалануға берілді.

Компания өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен және әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етіп келеді. 2018 жылдың тоғыз айында «Ұжымдық шартқа» сәйкес, 258 миллионға жуық теңге көлемінде өз қызметкерлерінің алдындағы міндеттемелерін орындады. Бұған зейнеткерлерді қолдау бағытындағы түрлі төлемдер, жыл сайынғы еңбек демалысына қоса сауықтыру төлемдері, баланың дүниеге келуіне байланысты бір реттік төлемдер, құрметті



демалысқа шығу, жүктілік пен бала тууға байланысты төлемдер, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, ата-аналардың балаларының демалысы үшін сауықтыру лагерлеріне жұмсалатын шығындары және тағы басқалар кіреді. Жұмысшылар демалыс және денсаулықтарын шыңдау орындарын өздері таңдай алады. Сонымен қатар, Компания жұмысшылардың шипажай-курорттық емдерінің де шығындарын өтейді, – деп Ә.Жақсыбеков әлеуметтік мәселелерді егжей-тегжейлі түсіндірді.

Кадр саясатын жүзеге асыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Осы жылдың он айында қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті курстардан 4300-ден астам қызметкер өтті, 874 инженер-техник маман біліктіліктерін арттырды, даярлау және қайта даярлау курстарынан 816 қызметкер (соның ішінде, 60 жұмысшы – профильді емес мамандық түрлерін оңтайландыру бойынша) өтті.

Кадрлық резервті қалыптастыру және дуалды оқыту бағдарламалары сәтті жүзеге асып келеді. Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша 2015 жылдан 2018 жылғы қараша айына дейін Атырау мұнай және газ университеті, АПЕК Петротехник жоғарғы колледжінің 74 студенті өндірістік білім алып, тәжірибеден өтті. Барлық тағылымгерге «3-разрядты ұңғыларды зерттеу операторы» біліктілігі берілді. 19 студент – «Сусыздандыру мен тұзсыздандыру қондырғысының операторы», 20 студент – «Мұнай және газ өндіру операторы» мамандықтары бойынша екінші біліктілікке ие болды. Тестілеу нәтижесінде жоғары балл жинаған 37 студент Компанияға жұмысқа қабылданды.

ЕМГ-нің 220 жұмысшысы денсаулығына байланысты Компанияда жүзеге асып

жатқан бірегей жоба – «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу» бағдарламасын қолданды (58 жастан бастап бес жылға дейін ай сайынғы жалақысының 48-50% жәрдемақы ретінде беріледі). Аталған бағдарлама өмірінің көп жылдарын Ембі өндірісіне арналған жұмысшыларды қолдау мақсатында жүзеге асуда.

Компания басшысы, сонымен қатар, тәртіптік жазаның көпшілігі өз қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған, жұмысқа немқұрайлы көзқарас танытқан, орта буын басшылары тарапынан бақылау жүргізбеген, қауіпсіздік техникасын сақтамаған қызметкерлерге қолданғанын атап өтіп, еңбек және орындаушылық тәртіпке баса назар аударды.

Келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес Компания Атырау облысының инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысып келеді. Жыл сайын бұл мақсатта облыстық бюджетке қаражат аударылады. 2018 жылы әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін 1,8 миллиардтан астам теңге қаражат бөлінді.

– Көріп отырғаныңыздай, барлық бағытта ауқымды жұмыстар жүруде. Осыған орай, ұжымға Ембінің өркендеуіне қосып жатқан үлестері үшін алғыс білдіремін! Жылдың аяқталуына да аз ғана уақыт қалды. Алдымызда үлкен міндет тұр – 2 895 тонна көлемінде мұнай өндіріп, рекордты көрсеткішке қол жеткізу. Біздің кәсіби білікті мамандармен, ұйымшыл ұжыммен бұл мақсатқа қол жеткізерімізге сенімдімін, – деді сөзінің соңында Ә.Жақсыбеков.

Ұжым алдында есеп беру жиыны барысында Компанияның құндылықтары жөнінде түсірілген корпоративтік фильм көрсетіліп, жұмысшылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.







## «Зияткерлік кен орны» бағдарламасы жүзеге асуда

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Қаражанбасмұнай» компаниясында қазіргі уақытта ұзақ мерзімді «Зияткерлік кен орны» жобасын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сол жобалардың бірі өндірістік сымсыз байланыс орнату болып отыр. Ондағы мақсат – кен орнының аумағын толық қамтитын сымсыз өндірістік желі орнатып, нысандардан берілетін технологиялық өлшемдердің орталық диспетчерлік бекетке жоғары жылдамдықпен жеткізілуін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, 203 ұңғыманы орнату кезінде автоматтандыру құралдарын енгізу бойынша кешенді жұмыстар жүргізу жобасы жүзеге асы-

рылуда. Бұл шаралардың барысында ұңғымалар бағдарламаланатын логикалық бақылаушы, бақылау-өлшеу аспаптары және абоненттік сымсыз байланыс терминалы бар автоматтандыру шкафымен жабдықталады.

Бұған қоса, орталық диспетчерлік бекетке ақпарат беретін датчиксіз үлгідегі VLT SALT зияткерлік басқару станциясының 100 бірлігін іске қосу жоспарланған.

Кешенде осы жобаларды жүзеге асыру арқылы технологиялық нысандардың жұмысындағы ақау туралы ақпарат алу мен әрекет жасауға кететін уақытты қысқартуға болады да, соның арқасында өндірілетін мұнайдың ысырап көлемі азаяды.

## Үздік шеберлер үштігі

Кіші буын жетекшісінің беделін көтеру, шеберлердің жетекші ретіндегі кәсіпқойлығын арттыру, компаниядағы жалпы басқару мәдениетін көтеру мақсаттарына жету үшін үстіміздегі жылдың тамыз айынан қазан айының соңына дейін «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС топ шеберлері арасында «Кіші буын үздік жетекшісі-2018» сайысы ұйымдастырылды.

Сайыс осымен серіктестікте екінші рет өткізіліп отыр. Оның идеясы мен жобасы 2014 жылы «ҚазмұнайГаз» БӨ АҚ ұйымдастырған модульдік оқу кезінде үздік жобалар қатарына енген болатын. Сайыстың басты ерекшелігі қызметкерлерді материалдық емес ынталандыруға бағыттау болды.

Байқауға барлығы 69 шебер қатысып, бақ сынасты. Сараптау, тестілеу, қол астындағы қызметкерлерінің жасырын дауыс беруі, жеке ситуациялық тапсырмаларды орындау, бағалау сұхбатын жүргізу сияқты бес кезеңнен құралған сайыс барысында шеберлердің жұмысты тиімді үйлестіре білу, ой-өрісі, нәтижеге бейімделу, әріптестермен қарым-қатынас, топта жұмыс жасай білу сияқты қасиеттері сынаққа түсті. Сайыстың барлық кезеңдерін өткізу және нәтижелерін сараптау мақсатында тәуелсіз сарапшы – бизнес-тренер, магистр, психолог, доцент Берік Бижан Алматы қаласынан арнайы шақыртылған еді. Сайыстың

бірінші кезеңіне барлық топ жетекшілері қатысқан болса, әр кезең қорытындысы бойынша олардың саны қысқарып отырды.

Конкурстың барлық кезеңдерінен үздік баға алып, жоғары басқарушылық қасиеттерін таныта білген шебер «Кіші буын үздік жетекшісі-2018» атағына ие болды. «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС құрылғанына 17 жыл толуына орай 21 қараша күні Қаражанбас кен орнының мәдени демалыс кешенінде шебердің есімі салтанатты түрде аталып, марапатталды. Үш ай бойына жүргізілген сайыс жеңімпазы болып ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу цехының ұңғыларды күрделі, жерасты жөндеу шебері Болат Нұрғиязов танылды.

Сайыс жеңімпазы ауыспалы статуеткамен, төс белгімен, дипломмен және арнайы тапсырыспен тігілген күртешемен марапатталды. Сайыс барысында жоғары көрсеткіштерімен көзге түскен қатысушыларға белсенділігі үшін алғыс хаттар, сондай-ақ естелік сувенирлер табыс етілді. Үздік шеберлер үштігіне енгендер қатарында Қанат Аязбаев пен Сәндібек Қалиев бар.

«Кіші буын үздік жетекшісі» сайысы дәстүрлі түрде үш жылда бір рет өткізіліп тұрады.



## Табиғатпен тіл табыса білсек...



Қаражанбас кен орнында қоршаған ортаны қорғау бағытында қазіргі уақытта ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Арнайы ұйымдар өндіріс пен тұтынудың жаңадан пайда болған қалдықтарын, өнеркәсіптің улы қалдықтарының уақытша полигонында жиналған өнеркәсіп

қалдықтарын кәдеге жарату және жою жұмыстарын жүргізеді. Қаражанбас кен орнының аумағында өңделетін қалдықтар қауіпсіз жағдайға келтірілгеннен кейін кен орнының ішіндегі жолдарды күрделі жөндеу кезінде техногендік топырақтың орнына құрылыс материалы ретінде пайдаланыла-

ды. Бұл табиғат ресурстарын пайдаланудағы тиімді әдістердің бірі болып саналады. Осы жұмыстар алдағы жылы да жалғасын тауып, нәтижесінде полигон жиналған қалдықтардан тазартылатын болады.

Сонымен қатар, «Үздік жайластырылған кен орны» ұранымен экологиялық жағдайды сауықтыру бойынша кен орнында ҚҚҰЦ, ГЦ, ЖПЖИЖЦ, ЭЦ, МӨЦ-1, 2 және ППГ-1 цехтарының жұмыс істемейтін ескі нысандарына демонтаж жасалып, соның нәтижесінде 14617,84 тонна металл қалдықтары өткізілді. 5721,5 тонна құрылыс қоныстары шығарылып, жойылды.

Қаражанбас кен орнында 1980-1990 жылдары жиналып қалған ескі қалдықтар, атап айтқанда, жердегі үш қойма, теңіз қоймасы және мұнаймен ластанған жерлер бар екені белгілі. Соған орай компания ескі қалдықтарды жоюдың 2025 жылға дейінгі мерзімге арналған жол картасын жасады. Құжат Маңғыстау облысының Экология департаментімен келісілді. Жол картасының шеңберінде есепті жылы арнайы компаниялардың күшімен қойма мұнайынан шикі мұнай шығару бойынша тегін тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жасалып, бұрғылау қалдықтары термодесорбция қондырғысында қайта өңделіп, кейін өндіріс ішіндегі жолдар мен алаңқайлардың құрылысына қажет топырақ алынды. Бүгінде технологиялардың экологиялық,

экономикалық тиімділігіне тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардың нәтижелері зерттеліп жатыр.

Бұған қоса, кен орнын көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстары өндірістік басқарма ұжымының арқасында жылдан жылға жалғасып келеді. Биылғы жылы 500 көшет отырғызылды.

Сонымен қатар су қорларын тиімді пайдаланып, кен орнының жолдарындағы шаңды басу мақсатында біз жұмысшылар тұратын қалашық пен асханалар қолданған ағын суды нормативтік деңгейге дейін тазартып, шаң басуға қайтадан пайдаландық. 2017-2018 жылдар аралығында қайта тазартып пайдаланған ағын судың көлемі 103,2 мың текше метрге жетті. Нәтижесінде компания ағын сумен бірдей мөлшердегі ауысуды үнемдеді.

Қоғам жүзеге асырып отырған бұл шаралардың барлығы Қазақстанда жасыл экономиканы дамыту тұжырымдамасының шешуші бағыты болып табылады.

Қазіргі уақытта құзырлы мекемелердің тарапынан айыппұл санкцияларының азайғаны байқалады. Бұл да компанияның экология мәселелеріне ден қойып, анықталған кемшіліктерді жойып, мемлекеттік органдармен бірлесе жұмыс атқарып отырғанын көрсетсе керек.

Еркебұлан ОСПАНОВ,  
«Қаражанбасмұнай» АҚ  
қоршаған ортаны қорғау  
бөлімінің басшысы



Еңбек адамы



## Зейнет алдындағы арман

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы №2 Мұнай-газ өндіру басқармасының есепшісі Айнагүл Ещанова мұғалімдер әулетінен шықты.

«Отбасымдағылардың бәрі мұғалім, тек мен ғана есепші мамандығын таңдадым. Ашхабад қаласындағы сауда-кооперативтік техникумын қызыл дипломға бітірдім. Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Жалпы өзімнің кішкентай кезімнен бастап саудаға деген қызығушылығым болды. Дәм дегенді қойсаңшы, атамекен Маңғыстауға келген

соң мұнай саласынан бір-ақ шықтым. Компанияда есепші болып 27 жыл жұмыс жасадым. Үлкен қызым Гүлзипа №4 МГӨБ-де техник-экономист болып қызмет атқарады. Екінші қызым Әсем «Мұнайгазқұрылыс» ЖШС мамандар бөлімінде жұмыс жасайды. Ұлым Әділбек те Ақтау қаласында еңбек етіп жүр. Отағасым қасымда. Өміріме ешқандай өкпем жоқ. Қасымдағы әріптестерім Клара Баймұқанова, Дина Күреңбаева, Сәлима Сандыбаеваларға бауыр басып қалғаным соншалық, зейнеткерлікке шығатын уақытым

жақындаған сайын оларды қимай отырмын» – дейді Айнагүл.

Өзгелер үшін түсініксіз дебет, кредит, кіріс, шығыс дегендердің құлағында ойнап, тәжірибелі маман дәрежесіне көтерілген Айнагүл Ещанованың зейнет алдындағы арманы – немерелер тәрбиесімен айналысу. «Бала тәрбиесі, текті ұрпақ өсіру дүниенің алтын кілтті ғой!» – дейді ол күлімсіреп.

Көңілі көктем, жаны жаз, адамгершілігі мол жайсаң жанға сәттілік тілейміз.

## Бақытты болу құпиясы

«Өзенмұнайгаз» АҚ №1 Мұнай-газ өндіру басқармасында персоналды басқару бөлімінің бастығы Маусымжан Сандыбаеваны әріптестері білікті де білімді маман ретінде ерекше құрметтейді.

«Кадр бөлімінің жұмысы қиын әрі қызық. Біз басқармада еңбек қатынастарында туындаған даулар, келіспеушіліктер кезінде комиссия құрамы мүшесі болып қатысып, өз ойымызды ортаға саламыз. Басқармадағы әрбір қызметкер мен жұмыскерлерге лауазымдық нұсқаулықтар әзірлейміз. Олармен келісім-шарт жасаймыз. Қызметкерлердің жағдайын, еңбекақысын қалыпқа келтіруде жеке еңбек шарты белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Кадр маманының жұмысы көзге көрінбегенімен, еңбекқорлық

пен тиянақтылықты қажет ететіні сөзсіз. Әріптестерім Майя Өтеева, Сәнді Нұрмұхамедова, Айша Текебаевалар өзінің майталмандары, нағыз кәсіби шеберлері. Өндірістің өрге басуына қажырлы еңбегі мен өмірін арнаған зейнеткерлеріміздің тізімі де бізде сақталады. Тоқетері, кадр қызметкерлерінің атқаратын жұмыстарын екі ауыз сөзбен айтып жеткізе алмаймын» – дейді Маусымжан.

Ол жұмыста жақсы маман болумен қатар, отбасында үлгілі ана. Отағасы Ербол Қорғанбаев екеуі – ұлықты ұлдар мен қылықты қыздар тәрбиелеп отырған бақытты отбасы. Ербол да осы басқармада скважиналарды зерттеу операторы болып абыройлы еңбек етіп келеді. Маусымжанның атасы

Қорған Қойшыбаев ӨЭМБ электр монтері болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты. Енесі Базаргүл Қаржаубаева Су өндіру және тасымалдау басқармасында 25 жыл кадр бөлімі жетекші болып жұмыс атқарды. Маусымжанның ұлдары спортты жанындай жақсы көреді. Еркін күрестен республикалық, облыстық жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп, ата-әжесі мен әке-шешесін қуанышқа бөлеп жүр.

Маусымжан бос уақытында гүл өсіргенді, тәтті пісіргенді ұнатады. Бақытты болудың құпиясы қарапайым. Нақты қандай іспен шұғылданғанды ұнатасың, осы іске бар күш-жігеріңді жұмсау. 24 жыл еңбек өтілі бар Маусымжан 18 жылдан бері өзі ұнататын іспен айналысып жүрген бақытты жан.



## «Тілсіз жау» құрықталды



Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бекітілген жоспарға сәйкес «Су өндіру және тасымалдау» басқармасының Өндірістік жабдықтау бөлімшесінің қатысуымен шартты өртті сөндіру бойынша «Өрттің алдын алу. Өрт кезіндегі «СӨТБ» ЖШС қызметкерлерінің іс-қимылы. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану» өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. Аталмыш оқу-жаттығудың басты мақсаты – шартты нысанда өрт сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру ісінде басшы және қатардағы жеке құрам арасындағы тәжірибені машықтау, пысықтау.

Оқу-жаттығу сценарийі бойынша аты аталған «ӨЖД» бөлімінің техникалық аумағында өрт шығады. Төтенше жағдай орын алған жерге шақыру бойынша «Қуаныш&К» ЖШС өртке қарсы қызметінің күштері мен техникалық құралдары жіберіледі.

Жедел түрде оқыс оқиға орын алған жерде өрт сөндіру штабының жұмысы ұйымдастырылып,

жауынгерлік учаске құрылады. Өрт сөндіру ережесінің талаптарына сай ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде жалпы көлемі 120 шаршы метр алаңды құраған тілсіз жау дер кезінде ауыздықталып, алға қойылған тапсырма өз деңгейінде орындалды.

Аталмыш оқу-жаттығу барысын бақылаған «СӨТБ» ЖШС ТҚЕК ж ҚОҚ бөлімі өртке қарсы қызмет әскери бөлімі жеке құрамы қызметкерлерінің шеберліктерін ерекше атап, ӨЖД бөлімшесінің қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне оң баға берді.

Өз кезегінде арнайы шұғыл қызметтердің кез келген уақытта жауынгерлік дайындықта тұруын пысықтау мақсатындағы оқу-жаттығулардың маңыздылығына тоқталып, өрт сөндіруде шеберлік танытқан қызметкерлерге алғыс айтылды.

Гүлмира БАЙМҰХАНОВА





# Жексенғали СӘРСЕНБАЙ, Электр цехының басшысы: Әр тамшы мұнайда энергетиктің де еңбегі бар

**Желтоқсан айының үшінші жексенбісінде елімізде энергетик күні аталып өтеді. Бұл саланың ел өміріндегі маңызы айрықша. Өндірісте, оның ішінде кен орны жұмыстарында жоғары сұранысқа ие кәсіптің қыр-сырын меңгерген жандардың беделі зор. Кәсіби мереке қарсаңында біз «Қаражанбасмұнай» АҚ электр цехының басшысы СӘРСЕНБАЙ Жексенғали Қуанышбекұлымен сұхбаттасқан едік.**

– Жексенғали Қуанышбекұлы, алдымен электр цехының өндіріс үшін маңызы туралы айтып өтсеңіз?

– Әрине, электр цехы Қаражанбас кен орнында мұнай өндіру барысында ең маңызды бөлімшелердің бірі екені даусыз. Біздің жұмыс кен орнының барлық цехтарымен тығыз байланыста: мұнай өндіруден бастап, ұңғыларға су айдау, бу өндіру, станок пен жабдықтарға қызмет көрсету үрдістерін, кеңселер мен жұмыскерлердің жатақханаларының жылы да жарық болуын қамтамасыз етеміз.

«Қаражанбасмұнай» компаниясында энергетиктердің еңбегі мұнайшылардан кем емес. Әр тамшы мұнайды өндіруде энергетиктің

де үлесі бар. Электр энергиясы болмаса, мұнай өндірілмейді. Біздің өндірістің мұнайы ауыр, яғни парафині көп болғандықтан, өндіру технологиясы электр қуатын көп қажет етеді. Соған сәйкес біздің энергетиктер де үлкен өндірісте тынымсыз тер төгіп жүр.

– Электр цехы қазіргі уақытта кен орны бойынша нақты қандай жұмыстарды атқарып отыр?

– Қазіргі таңда электр цехының негізгі мақсаттарының бірі – электр қуатын тиімді пайдалану, яғни нақты бағыттарда ғана пайдаланып, үнемдей білу. Соған байланысты қазір кен орнында конденсатор қондырғыларының күшін пайдаланып жатырмыз, өндірісті автоматтандыру ісі қолға алынған.

Биылғы жылы мұнай, су, газ, бужабдықтарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін көп жұмыс атқарылды. Оның ішінде: бұрғылаудан кейін ұңғымалардың электр жабдықтарын іске қосу, МПГУ-23тн №5,6 жаңа жиілік түрлендіргіштерін монтаждау, электр қондырғыларды жөндеу, ескіргендерін ауыстыру және техникалық қызмет көрсету, сыртқы жарықтандыру құрылғыларын жарықдиодты шамдармен ауыстыру, екі жаңа электр құрылғысын орнату жұмыстары жүргізілді.

– Үлкен өндіріске көп мөлшерде жоғары кернеулі электр тоғы қажет. Тұрақты электр қуатын қайдан алып отырсыздар?

– Жоғары кернеулі электр қуаты қаладағы «МАЭК»-тан 220кВ екі әуе желісі арқылы «УРПС» 220/110/10кВ қосалқы станциясына келеді. Сол станциядан кен орнындағы «Северная», «ПТВ», «Қаражанбас-2», «Промбаза», «Восток-1», «Восток-2», «ППГ-2» қосалқы станцияларына 110кВ әуе желісімен тарайды. Ал, осы қосалқы станция-

лардан кен орнындағы барлық мұнай өндіру-дайындау, бу өндіру, су айдау қондырғыларына таратылып, барлық жұмыс үдерісі қамтамасыз етіледі.

– Өндірісті электр қуатымен қамтамасыз етуде технологиялық жаңалықтар бар ма? Жұмыстарыңыз заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген бе?

– Осы 2018 жылдың ішінде жаңадан МПГУ-23тн №5,6 пайдалануға берілді. «Керемет» асханасында дизельді электр станциясы іске қосылды. Мұнайды дайындау-айдау цехында жаңа жиіліктегі түрлендіргіштер монтажданды. №1 және №2 мұнай өндіру цехтарында жаңа СКУЛ-лар іске қосылды. Сонымен қатар, кен орнында бейнебақылау камералары орнатылған, тағы да бірқатар цифрлы технологиялар енгізілген.

– Электр тоғы қанша пайдалы десек те, оның адам өмірі үшін аса қауіпті екенін де естен шығармаған абзал. Осы саладағы мамандарды сақтандыру бағытында қандай шаралар атқарылады?

– Шынында да, электр тоғының пайдасымен қатар төндіретін қауіпі де зор. Бұл өзі көзге көрінбейтін, иісі, дыбысы жоқ физикалық құбылыс. Электр тоғының бар-жоғын тек соған арналған аспаптың көмегімен білуге болады. Оның өзінде аспаппен жұмыс істей білетін арнайы маман болуы керек. Қаражанбас кен орнында жұмысқа жаңа кірген адамдар мен іс-сапармен жүрген қызметкерлерге нұсқаулық сабақтары өткізіледі. Кен орнында тұрақты жұмыс жасайтын қызметкерлер жылына екі рет қайталама нұсқаулықтан өтеді. Электротехникалық қызметкерлер өз жұмыстарын атқару барысында электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі

қауіпсіздік техникасының қағидалары мен талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Осы қағидалар бойынша олар жыл сайын арнайы білім тексерісінен өтеді.

Сонымен қатар, барлық жұмысшылар арнайы киіммен, қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі. Әр еңбеккер жұмысқа кірісер алдында арнайы нұсқаулықпен танысады. Негізі, электр тоғымен жұмысқа қатысты еңбекті қорғау шараларын тұтас бір жүйе деуге болады. Бұл жерде оның бәрін тізіп айту қажет бола қоймас.

– Өзіңіз басқаратын электр цехында екі жүзге жуық адам еңбек етеді. Осы салаға еңбек сіңірген озат мамандарыңыз туралы да айта кетсеңіз.

– Біздің цехта ондаған жылдар бойы еңбек етіп, мол тәжірибе жиған, бар білгенін жас мамандарға үйретіп жүрген кәсіби білім-білігі аса жоғары мамандар баршылық. Солардың қатарында Алтынай Асанова, Анатолий Кузнецов, Жайық Дәуешов, Яков Чембаров, Есбоған Ищанов, Ербол Түйебаев, Нұрбай Кенесариев, Смағұл Мұсаев, Дастан Дегбіров, Саяхат Баймағанбет, Жеткізген Таңбаев, Геннадий Мусатов, Жұмабай Қанағатов, Орынбасар Тәшенов, Баймырза Аманбаев, Мұхтар Көбешов сияқты әріптестерімді атар едім.

Біздің кәсіби мерекеміз еліміздің Тәуелсіздік мерекесімен орайлас келетіні қуанышты. Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген қазақстандықтарды ұлттық мерекемізбен, сонымен қатар әріптестерімді кәсіби мейрамымыз – Энергетик күнімен құттықтағым келеді. Баршасына бақыт, зор денсаулық, амандық, сарқылмас өмір қуатын тілеймін!

– Айтқаныңыз келсін! Өңімеңізге рахмет.

## Күміс көмей мұнайшылар марапатталды

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерейтойына орай өнерпаз мұнайшылардың қатысуымен «Күміс көмей» ән байқауы өтті.

Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаровтың құттықтауымен шара шымылдығы түрілді.

Байқау дәстүрлі ән және эстрада ән шырқаушылар болып екі топқа бөлінді. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, дүбірлі додаға 16 мұнайшы қатысып, бақтарын сынады. Олар сахнаға шығып, табиғи даусымен әсем ән шырқап, терме айтты.

Компанияның аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаев бастаған қазылар алқасы өнерпаздар талантына тәнті болды. Әуезді саз әсем әнмен үйлесіп, «Мұнайшы» мәдениет сарайын мақпалдай жұмсақ әуенімен әлдиледі. Көрермендер Тастемір, Қайып, Сүгірдің, Жылкелдінің, Өскімбайдың, Бәкір Тәжібаевтің, Шәмшінің, Сейдолла Бәйтеректердің жыр-термелері мен әндерін тыңдап, жан сарайы ашылып, рахаттанып қалды.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, дәстүрлі ән тобынан 1-орынды Алтынбай Нәдірбаев (№1 СҚКБ), 2-орынды Жанқожа Атаниязов (№3 МГӨБ), 3-орынды Базарбай Айбергенов (№2 СҚКБ) иеленді.

Ал, эстрадалық әндер бойынша 1-орын компанияның бұлбұлы Жаңыл Қойшыбаеваға (АБ), 2-орын Батырбай Юсупов (№2 СҚКБ) пен Нұрым Жансерікке («Бұрғылау» ЖШС), 3-орын Айдар Спанов (№1 МГӨБ), Нығмет Қалдыбаев (№2 МГӨБ), Әйгерім Тарапиеваға (ӨТҚЖЖКБ) бұйырды.

Қайрат Аманқосов «Көрермен көзайымы» аталымын жеңіп алды.

Жүлдегерлер «ӨМГ» АҚ бас директорының Алғыс хаты және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Өзге қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді. Әріптестеріміздің ән әлеміндегі дүбірі түгесілмейей.







## Тәуелсіздік – ең тәтті ұғым



сәттерін бірге көріп келе жатқанымызға, міне, 27 жыл толды. Жұмыр жердегі қай халық үшін болса да азаттықтан асқан ұлы ұғым, тәуелсіздіктен биік тұғыр жоқ. Сондықтан, Тәуелсіздік – біз үшін қашан да киелі құндылық, асыл қазына.

Бұдан 27 жыл бұрын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Сөйтіп, Еуразияның Ұлы Даласын мекендеген кешегі көшпенділердің бүгінгі ұрпағы әлем картасында «Қазақстан» деген егемен мемлекет құрды. Өзінің сындарлы мемлекеттік саясатын қалыптастырды. Бұл тамырын тереңнен тартқан қазақ елінің бай тарихындағы ең басты оқиға болды. Осы жылдары біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті, рухы биік руханият пен қажырлы еңбек үлгісін қалыптастырдық.

Біз – еркіндікке қолы жеткен, арман-мұраты тең өрілген дана халықпыз. Біз – тайқазаны ортаймаған қазақ деген байтақ елміз. Міне, сол бақыт түндігін ашқан Тәуелсіздік бүгінде құт-берекеге айналды. Біз бүгін осы құбылысты ерекше сезініп тұрмыз.

Өткенге көз жүгіртсеңіз, соңғы жиырма жеті жылда Қазақстан оған дейінгі 70 жыл ішінде жасамаған шаруаларын жасап жатыр. Міне, осының арқасында Қазақ елін бүкіл дүниежүзі білді. Бұрын қазақ елін, қазақ ұлтын басқалар білмейтін. Ал, енді қазір Қазақ елін, Қазақ мемлекетін әлем халқы тек біліп ғана қойған жоқ, өте ерекше сыйлайтын болды. Осының бәрі жүргізіліп келе жатқан көрегенді саясаттың жемісі, экономикалық жетістіктеріміздің арқасы.

Ең алдымен нарықтық экономиканың канондарына көшкен еліміз төрт аяғынан тік тұрды. Жаһан таныған Қазақстан шетелдік инвестиция тарту арқылы халықтың

байлығы – мұнайын игеруге қол жеткізді. Экономиканың нақты секторын дамытуға көшті. Орта және шағын бизнесті дамытуға мемлекет барын салды. Кәсіпкерлікті жан-жақты өрістетті. Сол арқылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға қол жеткізді. Ең алдымен экономикаға басты назар аударған мемлекетіміз бара-бара барлық әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешуге қол жеткізді. Тәуелсіздік алғанға дейін шешімін таппаған толып жатқан экологиялық мәселелер күн тәртібіне қойылып, Арал мен Байқоңырдың, жаралы Семейдің талай қасіреттеріне тосқауыл қойылды.

Тәуелсіздік туын тұғырға қондырған Қазақстан атты мемлекетіміз өзінің жаңа тарихындағы алғашқы асуды бағындырды деп батыл айтудымызға болады. Біз бүгін осы құбылысты ерекше сезініп тұрмыз. Жиырма жеті жыл ішінде біз нағыз шыңдалу мектебінен өттік. Қазақта жақсы бір сөз бар: «Бөлінгенді бөрі жейді». Біздің бірігуіміздің басты заңдылығы осында жатыр. Ең бастысы, халық егемен ел болашағына үлкен сеніммен қарай бастады. Қазақстандықтардың туған елге деген сүйіспеншілігі мереке күндері жарқырай көрінері сөзсіз.

Қазір әлем мойындаған мемлекетіміз бар, бірлігі қалыптасқан халқымыз бар. Бүкіл әлем бізді қазір ең бейбітсүйгіш ел ретінде танып білді. Әлем бізді жасампаз ел ретінде мойындады. Қазақстан – егемендік алған күннің ертеңіне өзінің адамзатқа апат әкелетін ядролық қаруынан бас тартқан бірден-бір мемлекет. Мұндай құбылыс әзір адамзат тарихында болған емес, жуық арада бола қоюы да екіталай іс. Сондықтан Қазақстан қазіргі әлемдік құрылымда өзара түсіністік пен сенімді нығайту үшін, Еуразияның алып кеңістігінде қауіпсіздік

пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін қолынан келгенінің барлығын жасайтындығына төрткүл дүние сеніп отыр. Елбасы бастамашы болған, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудағы Қазақстанның көшбасшылық орнын нық бекіткен маңызды ішкі реформалар осындай халықаралық межені бағындырумен жалғасуы – біз үшін үлкен символдық мәнге ие. Біздің түсінігімізде, қауіпсіздік пен ынтымақтастықтан асқан демократия жоқ. Қазақстан өзінің даму барысында осы екі категорияға басымдылық бере отырып, демократияның өзіндік моделін жасады десе де болады.

Бұл – әрине, ең алдымен елдің жеңісі. Елі сенген Елбасының жеңісі. Дәлірек айтсақ, елінің төрткіл дүниедегі имиджі үшін, қазақ мемлекеттілігінің мығымдығы үшін, халқының жарқын болашағы үшін бір аянып көрмеген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен ерлігі. Дөңгеленген дүние дүрмегінде кез келген жеңіс оңайлықпен келмейді. Иә, бұл жеңіс – бәріміздің жеңісіміз. Бұған бәріміз бірдей қуануымыз керек. Жеңістің дәмін бірге татқанға не жетсін! Өйткені, жеңістің дәмі бәрімізді бірлікке, ынтымаққа, мәңгілік мүддеге бастайды.

Біз – ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халықпыз. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау. Бүгінгі мемлекетіміздің қарқынды дамуы – тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты мақсатымыз. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын! Еліміздің Көкбайрағы бейбіт аспан астында желбіреп, әлемге таныла берсін!

Шархан ҚАЗЫҒҰЛ,  
публицист-жазушы

## Ұлттық мерекеге орай спартакиада өтті

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «ӨзенМұнайСервис» ЖШС қызметкерлері арасында спартакиада өткізілді. Додаға қатысушылар арқан тарту, гир көтеру және шағын футбол сынды спорт түрлерінен сынға түсті.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шарада арқан тартудан жарыстың I орнын Әкімшілік басқару қызметкерлері еншілесі, II орынға 3-ші цех, III орынға 2-ші цех мамандары табан тіреді. Ал гир көтеруден ұпай саны бойынша А.Бисенов

үздік деп танылса, II орынға Қ.Абулғазиев, III орынға А.Түлебаев лайық деп танылды. Спартакиаданың үшінші ойыны – шағын футболдан көрсеткіш нәтижесі бойынша 3-ші цех командасы I орынды қанжығасына байласа, 1-ші цех командасы II орын, 2-ші цех командасы III орын иеленді.

Жеңімпаздарға Серіктестік атынан дипломдар мен қаржылай сыйлықтар тағайындалды.

Қаламқас АМАНҚОСОВА







## Мұнайшылар шығармашылығы

## Тәуелсіздік – ұлы күн!

Тәуелсіз күн – құдірет  
Таңбасы таста жазылған,  
Тамыры жердің астына  
Төгілген қанмен жабылған!  
Қыршын кеткен жастарым  
Армандарын арқалай  
Рухы менен намысы  
Мойынға таққан тұмардай.  
Құрбандық қылып өмірін  
Алаштың өжет ұл-қызы  
Қарсы жүзді ағысқа  
Ұлты үшін алысып,

Сан ғасырлар аңсаған  
Еркіндікті еліміз  
Азаттық үшін алысқан  
Халықтың біз біріміз!  
Тәуелсіздік – ұлы күн,  
Төгілген ащы терменен  
Қазақтың ұл-қызының  
Өлмеген жігер-отымен.

Рамила ГИМРАНҚЫЗЫ,  
мұнайшы,  
Жаңаөзен қаласы.

## Тұрғызба – менің ауылым

Тұрғызба – менің ауылым,  
Ыстық қой сенің бораның мен дауылың.  
Менің жастық шағымдай  
Нөсерлеп өткен жауының.

Оқыған 10 жыл мектебім,  
Сенде өтті жастық шағым мен көктемім.  
Ұмытылмас ешқашан  
Ұстаздардың білім нәрін сепкені.

Аспанында қалықтаған шағала,  
Жем өзені толқыны соққан жағаға.  
Балық аулап артынан еріп жүретін,  
Толқындары ұқсайтындай ағаға.

Жусанды кең далаңда,  
Аунай кетем көк шалғынға барам да.  
Табылар ма сендей жер,  
Мынау шулы қаламда?

Жанәбіл РАХЫМЕТОВ,  
«Ембімұнайэнерго» басқармасының  
өндірістік қызмет көрсету  
учаскесінің жұмысшысы.

## Баянсыз ғұмыр

теп директоры да аттестатын жазып берді. Ішкені алдында, ішпегені артында шылқып өмір сүріп отырған Жамалдың тұрмысына қатты қызыққан Құндыз әулірімдеп жүріп сауда техникумін бітіріп, зейнеткерлікке кеткен Жамалдың орнын иеленіп, ауылдың дүкенін шыр көбелек айналдырды. Ақша дегеннің құдіретін сонда көрді. Бауырларының үсті бүтінделіп, қарындары тамаққа тойды. Осы уақытқа дейін көрінбеген ағайындары да көбейіп кетті. Совет Одағы деген алып елде өмір сүріп жатса да, тауар дегенің қат. Шағын ауылдағы бір дүкеннің иесі де, киесі де өзі болып шыға келген Құндыз бауырларын оқытамын, тоқытамын, аяқтандырамын деп жүріп отыздан асып кеткенін де байқамай қалды. Жанталасып жүріп, үрерге иті, сығарға биті жоқ, өлмелі шешесі бар тракторшы Сейсенмен тұрмыс құрды. «Ұф!» десе, ұшып кетейін деп тұрған үйді сүріп жіберіп, сыңғырлаған үй салып алғанда ауыл адамдары «Бұл Құндызды қой. Қатын емес, жалмауыз ғой» деп бастарын шайқады. Біразға дейін бала көтере алмай, уайымдап, күдерін үзіп жүргенде осы Ертағына аяғы ауыр болды. Ойлап отырса, сарыла күткен бөбегін де еміреніп сүйіп, көп еркелете бермегі. Қызылды-жасылды дүниені өбектеумен күн өткізіпті. Көйлегіне сыймай талай желпініп сөйлепті. Шалы байғұс, қолынан қой жығу келмейтін ыңқық болды. Еркек болып бір дауыс көтерместен, өткен күзде авариядан көз жұмды. Қанша жыл бірге тұрса да, иә еркек болып қызғанып, иә топта сөз айтып көрмегі, байғұс әйелінің көлеңкесінде ішкен-жегеніне мәз болып жүре беріпті...

Мектепте жүрген Құндыз да өзге қыздар сияқты кинодағыдай махаббатты аңсап еді-ау. Түрі де ұсқынсыз емес-тін. Диваннан аяғын салбырата отырып Құндыз өзінің бүгін-ертең өлейін деп отырып махаббат туралы ойлағынына күлгісі келді. Ойын мына жұрт естисе бір жерін ашып күлетін шығар...

Әдеттегідей келін-бала жұмысқа кетті. Немерелері мектепте. Әзер сүйретіліп барып айнаға қарады. Айнадан беті әжім, самайы ағарған мыстан кемпір бұған қарап бәжбиіп тұр екен... Бетін бұрды. Ештеңеге тәбеті тартпады. Жу-

ынды. Шашын тарады. Түнімен ауырған ішектері де саябыр тартқандай. Ауруы жанына батқан Құндыз түнімен «Иә, Алла алатын болса жанымды қинамай алсаңшы!» деп айқайлайды. Қанішер жендет пышақпен ішін түнімен асықпай турап шығатын сияқты... Дұшпаныңа тілемейтін ауру. Күн өткен сайын өмір жолының қусырылып келе жатқанын іші сезеді... Әйтсе де, бүгін таңертең аман-есен отырғанына қуанып отырғанын сезді. Жарық дүниенің осыншалықты қымбат екендігін дені сау кезінде қалай сезбеді екен.

«Беу, баяны жоқ шолтаңдаған дүние-ай» деп күрсінген Құндыз дүкенші болып шалқып тұрғанда жүз көрісетін адамдарға жасаған қысастығын әлі күнге дейін түсінбейді. Жалт-жұлт еткен матадан көңілі түскен адамға беріп, жақтырмаған адамдарын «өтіп кетті» деп бермей, бедірейіп тұрып алатын. Көп кісілерге өктем-өктем сөйлеп, өзіне-өзі жау тілеп алыпты... Өттеген-ай, сол адамдардың назарына қалмаса нетті... Кушиған кемпірдің көзінен аққан жас еденге тамды. Енді отырысы мынау... Көңілде маза, жүректе тыныштық жоқ. Ақымақ басы байлықтың бірде бақ, бірде боқ болатынын түсінбейтін-ау. Байлық пен шірік дүниенің ештеңеге қақпақ бола алмайтынын кеш ұқты. Қайраты тайғанда келген ақыл да азап екен. Ой апанына түсіп кеткен Құндыздың жүрегі ине қадалғандай сұмдық шаншып кетті.

Дәлізден абыр-сабыр сөйлесіп жатқан немерелерінің даусын естіді. Олар да бөлмесінің есігін ашпады. Кешке бала-келін келді жұмыстан... Ас үйден кешкі тамақтың көңірсіген иісі шығып жатыр... Баласының емен-жарқын даусын да естіп жатыр.

«Қатын жанды неме, таяқтастам жерде жатқан шешесінен хабар алуды білмейді!» деді Құндыз күбірлеп. Өзін көп жуылып өңі кеткен тауардай сезінді. Әлсіреген ол диванына қисайды... Дәрменсіз жан алдағы жылдай созылып өтпейтін ұзақ түнді ойлап жатыр. Расында да, бүгінгі зәрілі түн әлсіз жанды жұтқалы тұрғандай...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ



«Жан шықты, ес кетті» дегенде таңда атты-ау... Құндыздың аты жаман ауруға шалдығып, төсек тартып жатқанына айдың жүзі болып қалды... Бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Обалы не керек, баласы Ертай анасын арқалап, апар деген жерінің бәріне апарды. Жан шіркін тәтті екен. Дәрігерлердің іш дегенін ішіп, же дегенін жеңді... Химия деген пәлесінен шашының бәрі жидіп түсіп қалды. Айналдырған бір айдың ішінде сыры кетсе де, сыны кетпеген Құндыз кемпір аруаққа айналып шыға келді.

Айнадағы ұсқынына қарап отырып, «бұл құдайдың құдіретіне шек жоқ екен ғой» дейді Құндыз ішінен күбірлеп. Кемпір демекші, алпысты алқымдаса да, Құндыз өзін осы уақытқа дейін кемпір қатарына жатқызып көрген емес. Жексенбі күні мәтөк жан шаштаразға барып шашын боятып, тырнақтарын күзейді. Керек десеңіз, келіндердің пыш-пышына қарамастан, тойға кірпік те жапсырып барады. Өмір бойы үріп ішіп, шайқап төгіп, шалқып өмір сүрген Құндызда басқа-басқа дүние да, ақша да жетіп артылады. Екі қабатты үйдің тұрысы мынау ханға сәлем бермей, бала-келінінде қос машина. Келіні туған күніне алып берген көлікке отыра алмай бастапқыда қорқасоқтап жүрді. Енді қазір оттай қызыл машинамен көшенің ортасында жүйткіп

келе жатқаны... Қарға адым жерге жаяу баруды қойды. Көлігін атша мініп жүр. Қайта жақсы болды. Балаларын өзі мектепке апарды, өзі алып келеді. Базарға да өзі кетіп бара жатады.

Құдайға шүкір, Құндыздың өмірге өкпесі жоқ. Бірде жетіп, бірде жетпей, шықпа жаным шықпа деп отырған кедей отбасында дүниеге келген қыз өмірдің мәні ақшада деп ұқты. Басына тартса аяғына жетпей, аяғына тартса басына жетпей отырған отбасы бойжетіп келе жатқан қызының үстіне жөні түзу көйлек тауып кигізе алмады. Қатарынан кем болып, үстіндегі ескі-құсқы киімнен намыстанып өсті. Әкесі марқұм, аузы арақтан кеппей, санда болса да сапада болмай өмірден ерте кетті. Далада әр үйдің бұрышында құлап жататын әкесі өлгенде Құндыз қуанбаса қайғыра қоймады. Шиеттей балалармен қалған шешесі де өңі түзу киім киместен, отағасының өмірден озуын күтіп жүргендей-ақ, ауырып бір апта жатты да, қоштаспастан, арызданбастан, жәутендей қараған балаларына ләм деместен, ит өмірден шаршап, әбден сілікпесі шыққан денесін қабырғаға қарай бұрды да, көз жұмды...

Тірі адам тіршілігін жасайды емес пе?! Ауылдағы ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған жамағайын Жамал деген дүкенші Құндызды қасына көмекші етіп алды. Аяушылық жасап, мек-

## МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
Газет Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінде есепке қойылып,  
№ 6668-Г куәлігі берілген.

## Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,  
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

## Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz  
Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz  
Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmger.kz  
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmger.kz  
Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmger.kz  
Жанкелді Қаржан – Z\_Karzhan@kkm.kz  
Анна Титенок – ATitenok@kgm.kz  
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz  
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,  
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
тел.: +7 (7132) 21 19 30